



010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ \_\_\_\_\_

**Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаттарына  
(Н. Ашимбетов, В. Божко,  
Н. Микаелян)**

2020 жылғы 2 желтоқсандағы  
№ ДЗ-191

### **Құрметті депутаттар!**

Бірінші кезекте қажетті азық-түлік өнімдерінің бағасын бақылау және «алқапнан сөреге дейін» пилоттық жобасын іске асыру бойынша ақпарат беруге қатысты Сіздің депутаттық сауалыңызды қарап, келесіні хабарлаймын.

*Бірінші қажеттіліктегі тамақ өнімдеріне сауда үстемесін бақылауға қатысты*

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2020 жылғы 25 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңымен әлеуметтік маңызы бар азық – түлік тауарларын берушінің (бұдан әрі – ӘМАТ) босату бағасынан 15%-тен аспайтын мөлшерде шекті сауда үстемесін белгілейтін, сондай-ақ сауда үстемесін және сыйақыны (ретро-бонус) асырғаны үшін сауда субъектілерін әкімшілік жауапкершілікке тартуды көздейтін түзетулер қабылданды.

Сонымен бірге заңнамада жергілікті атқарушы органдардың сауда субъектілерінің көрсетілген нормаларды сақтауын бақылауды жүзеге асыру жөніндегі құзыреті жоқ. Осыған байланысты мемлекеттік органдар тарапынан көрсетілген нормалардың орындалуы тұрғысынан бақылау іс-шаралары жүзеге асырылмады.

Осыған байланысты Үкімет жергілікті атқарушы органдарға тиісті құзырет беруді көздейтін «Кейбір заңнамалық актілерге техникалық реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасына Сіз бастамашылық еткен түзетулерді қолдады.

*Сауда және интеграция министрлігі заңнамалық түзетулерді қолдану бойынша қажетті түсіндірулерге қатысты*

Қабылданатын нормативтік құқықтық актілер, сондай-ақ олардың жобалары міндетті түрде ашық құқықтық актілер порталында және әзірлеуші

мемлекеттік органдардың ресми сайттарында орналастыруға жатады.

Сауда және интеграция министрлігі (*бұдан әрі* – Министрлік) Ауыл шаруашылығы министрлігімен бірлесіп және жергілікті атқарушы органдармен 2020 жылғы 20 шілдеде ЭМАТ-қа бағаларды тұрақтандыру жөніндегі шаралар туралы кеңес өткізілді, онда жергілікті атқарушы органдардың назарына сауда үстемесі мен сыйақы мөлшерлерінің сақталуын бақылау бойынша жергілікті атқарушы органдарда құзыреттердің жоқтығы туралы жеткізілді.

Жергілікті атқарушы органдар заңнамаға әзірленетін түзетулер туралы хабардар етілді.

Сауда үстемесі мен сыйақы мөлшерінің сақталуын бақылау құзыретін беру жөніндегі түзетулер жергілікті атқарушы органдармен келісілгенін атап өту қажет.

*«Алқаптан сөреге дейін» пилоттық жобасын іске асыруға, оның ішінде ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің қалалар нарығына қолжетімділігін қамтамасыз ету бөлігіне қатысты*

Мемлекет басшысы 2021 жылдың шілдесіне қарай толыққанды бағдарлама әзірлей отырып, аграрлық өнімді тұрақты сатып алу мен өткізу, агроқұзыреттерді оқыту мен арттыру жүйесін жолға қоя отырып, бірнеше өңірде ауылда кооперациялық тізбекті дамыту жөніндегі «алқаптан сөреге дейін» пилоттық жобасын (*бұдан әрі* – *пилоттық жоба*) іске қосуды тапсырды.

Ағымдағы жылы пилоттық жоба Алматы, Жамбыл және Түркістан облыстарында іске асырылуда, оның шеңберінде ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге (*бұдан әрі* – АШТӨ) және сауда желілеріне жеңілдікпен кредит беру жүзеге асырылады.

Кредит берудің негізгі мақсаттарының бірі шағын және орта АШТӨ-нің тұрақты жұмысын қамтамасыз ету есебінен өңірлердегі әлеуметтік жағдайды жақсарту, сондай-ақ ЭМАТ-на бағаларды тұрақтандыру және ішкі нарықты отандық азық-түлік тауарларымен молықтыру болып табылады.

Жоба аясында 2500 жеке қосалқы шаруашылық (*бұдан әрі* – ЖҚШ), 31 шаруа қожалығы (*бұдан әрі* – ШҚ) тартылды), 73 АШТӨ, 10 қайта өңдеу кәсіпорны, 13 жеке кәсіпкер (*бұдан әрі* – ЖК) және 82 сауда объектісі өңірлердің экономикасына тартылған.

Алматы облысында пилоттық жоба аясында 35 АШТӨ және 4 қайта өңдеу кәсіпорнына несие берілді. Өңдеуші кәсіпорындар шикізатты 8 АШТӨ-ден сатып алды.

Делдалдардың қатысуынсыз 39 жеткізуші мен 22 сауда нысаны арасында тауар өткізу ұйымдастырылды (*«MAGNUM CASH&CARRY» желісінің 3 сауда нүктесі, «Сабыржан Сотрану» ЖШС 12 сауда нүктесі, «Toimart» желісінің 4 сауда нүктесі және 3 дүкен*).

Жамбыл облысында жоба аясында аймақ 3 сауда желісі (*«Вкусная Корзинка» ЖШС (29 дүкен), «байлық-2014» ЖК (5 дүкен) және «Империя» ЖК (6 навильон)*) несие алды, олар 7 ауыл шаруашылығы кооперативі (*құрамында 2500 ЖҚШ бар*), 4 АШТӨ, сондай-ақ 15 АШТӨ-ден сатып алуды жүзеге асыратын, 2 сүт өңдеу кәсіпорны өнімдерін сатады.

Делдалдардың қатысуынсыз 13 жеткізуші мен сауда желілері арасында

тауарларды өткізу ұйымдастырылды.

Түркістан облысында 53 өндірушіден (9 АШТӨ, 31 ШҚ және 13 ЖК) өнім сатып алатын, ет және сүт өңдейтін 4 кәсіпорын несие алды.

Делдалдардың қатысуынсыз 4 жеткізуші мен 57 сауда объектісі (22 супермаркет, 5 базар және 30 әлеуметтік дүкен) арасында тауарларды өткізу ұйымдастырылды.

Тұтастай алғанда, жоба шеңберінде өңірлер аграрлық өнімді тікелей сатып алу және өткізу арқылы кооперациялық тізбекті дамыту жүйесін, сондай-ақ АШТӨ-нің өңірлер нарығына кедергісіз кіруін жолға қойды.

*Әкімдік тапсырмасы бойынша тұрақты негізде ЭМАТ өндірушілердің бағалары және ұсынылатын бөлшек бағалар туралы ақпаратты орналастыру ұсынысына қатысты*

ЭМАТ бағаларын қоспағанда, тауарлардың бағаларын Ішкі сауда субъектілері дербес айқындайды.

«Сауда қызметін реттеу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Министрлік ЭМАТ-қа бөлшек сауда бағаларының шекті мәндерін және оларға шекті рұқсат етілген бөлшек сауда бағаларының мөлшерін белгілеу тәртібін бекітеді.

Шекті бағалар болжамды болып табылады және мониторинг пен байқау мақсатында белгіленеді.

Бөлшек сауда бағаларының шекті мәндері 15%-ке артқан жағдайда, сондай-ақ бөлшек сауда бағаларының шекті мәндерін асыра отырып, 30 күн ішінде бөлшек сауда бағаларының бір мезгілде 30%-ке өсуі кезінде рұқсат етілген шекті бөлшек сауда бағаларының мөлшері белгіленеді, оларды асыра пайдалану әкімшілік жауаптылыққа әкеп соғады.

Сауда базарларының қызметін ұйымдастыру қағидаларын, сауда базарының аумағын күтіп-ұстауға, оны жабдықтауға және жарақтандыруға қойылатын талаптарды бекіту қағидаларына сәйкес сауда базарының әкімшісі сауда базарларындағы ЭМАТ-на рұқсат етілген шекті бөлшек сауда бағаларының мөлшерін ішкі сауда субъектілерінің назарына жазбаша нысанда жеткізеді.

Осыған байланысты әкімдіктердің сауда субъектілеріне ЭМАТ-на нарықтық бағаларды белгілеу жөніндегі ұсынымдарын жіберудің қажеттілігі жоқ, өйткені осы тауарлар бойынша ең жоғары сауда үстемесі 15%-ті құрайды.

**А. Смайылов**

**Депутатам  
Мажилиса Парламента  
Республики Казахстан  
(по списку)**

*На № ДЗ- 191 от 2 декабря 2020 года*

**Уважаемые депутаты!**

Рассмотрев ваш депутатский запрос касательно предоставления информации по контролю за ценами на продукты питания первой необходимости и реализации пилотного проекта «от поля до прилавка», сообщаем следующее.

*Касательно контроля торговой надбавки на продукты питания первой необходимости*

Законом Республики Казахстан от 25 июня 2020 года «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам защиты прав потребителей» приняты поправки, устанавливающие предельную торговую надбавку в размере не более 15% от отпускной цены поставщика социально значимых продовольственных товаров (далее – СЗПТ), а также предусматривающие привлечение к административной ответственности субъектов торговли за превышение торговой надбавки и вознаграждения (ретро-бонус).

Вместе с тем в законодательстве отсутствует компетенция местных исполнительных органов по осуществлению контроля за соблюдением субъектами торговли указанных норм. В связи с чем со стороны государственных органов не осуществлялись контрольные мероприятия на предмет исполнения указанных норм.

В этой связи Правительством поддержаны инициированные вами поправки в проект закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты по вопросам технического регулирования», предусматривающие наделение местных исполнительных органов соответствующей компетенцией.

*Касательно разъяснения применения законодательных поправок Министерством торговли и интеграции*

Принимаемые нормативные правовые акты, а также их проекты в обязательном порядке подлежат размещению на портале открытых правовых актов и официальных сайтах государственных органов-разработчиков.

Министерством торговли и интеграции (далее – Министерство) совместно с Министерством сельского хозяйства и местными исполнительными органами 20 июля 2020 года проведено совещание о мерах по стабилизации цен на СЗПТ, на котором до сведения местных исполнительных органов было доведено об отсутствии у местных исполнительных органов компетенций по

контролю за соблюдением размеров торговой надбавки и вознаграждения.

Местные исполнительные органы также проинформированы Министерством о разрабатываемых поправках в законодательство.

Следует отметить, что поправки по предоставлению компетенции контроля за соблюдением размеров торговой надбавки и вознаграждения согласовывались с местными исполнительными органами.

*Касательно реализации пилотного проекта «от поля до прилавка», в том числе в части обеспечения доступа сельхозтоваропроизводителей на рынки городов*

Главой государства поручено запустить в нескольких регионах пилотный проект по развитию кооперационной цепочки на селе «от поля до прилавка» (далее – *пилотной проект*), наладив систему постоянного закупа и сбыта аграрной продукции, обучения и повышения агрокомпетенций с дальнейшей разработкой полноценной программы к июлю 2021 года.

В текущем году пилотный проект реализуется в Алматинской, Жамбылской и Туркестанской областях, в рамках которого осуществляется льготное кредитование сельхозтоваропроизводителей (далее – СХТП) и торговых сетей.

Одной из основных целей кредитования является улучшение социальной обстановки в регионах за счёт обеспечения стабильной работы мелких и средних СХТП, а также стабилизация цен на СЗПТ и насыщение внутреннего рынка отечественными продовольственными товарами.

В рамках проекта в экономику регионов вовлечены 2500 личных подсобных хозяйств (далее – ЛПХ), 31 крестьянских хозяйств (далее – КХ), 73 СХТП, 10 перерабатывающих предприятий, 13 индивидуальных предпринимателей (далее – ИП) и 82 торговых объекта.

В Алматинской области в рамках пилотного проекта прокредитованы 35 СХТП и 4 перерабатывающих предприятия. Перерабатывающие предприятия закупили сырьё у 8 СХТП.

Организован сбыт товаров между 39 поставщиками и 22 торговыми объектами (3 торговые точки сети «MAGNUM CASH&CARRY», 12 торговых точек ТОО «Сабыржан Сотрану», 4 торговые точки сети «Toimart» и 3 магазина) без участия посредников.

В Жамбылской области в рамках проекта регионом прокредитованы 3 торговых сетей (ТОО «Вкусная Корзинка» (29 магазинов), ИП «Байлык -2014» (5 магазинов) и ИП «Империя» (6 павильонов), которые будут реализовывать продукцию 7 сельскохозяйственных кооперативов (в составе которых 2500 ЛПХ), 4 СХТП, а также 2 молокоперерабатывающих предприятия, осуществляющих закуп у 15 СХТП).

Организован сбыт товаров между 13 поставщиками и торговыми сетями без участия посредников.

В Туркестанской области прокредитованы 4 предприятия по переработке мяса и молока, которые закупают продукцию у 53 производителей (9 СХТП, 31 КХ и 13 ИП).

Организован сбыт товаров между 4 поставщиками и 57 торговыми

объектами (22 супермаркета, 5 рынков и 30 социальных магазинов) без участия посредников.

В целом, в рамках проекта регионами налажена система развития кооперационной цепочки путём прямого закупа и сбыта аграрной продукции, а также беспрепятственного доступа СХТП на рынки регионов.

*Касательно предложения по поручению акиматам на постоянной основе размещать информацию о ценах производителей и рекомендуемых розничных ценах на СЗПТ*

Цены на товары определяются субъектами внутренней торговли самостоятельно, за исключением цен на СЗПТ.

В соответствии с Законом Республики Казахстан «О регулировании торговой деятельности» Министерство утверждает порядок установления пороговых значений розничных цен на СЗПТ и размера предельно допустимых розничных цен на них.

Пороговые цены являются прогнозными и устанавливаются с целью мониторинга и наблюдения.

В случае превышения пороговых значений розничных цен СЗПТ на 15%, а также при одновременном росте розничных цен на 30% в течение 30 дней с превышением пороговых значений розничных цен устанавливается размер предельно допустимых розничных цен, превышение которых влечет административную ответственность.

В соответствии с Правилами организации деятельности торговых рынков, требований к содержанию территории, оборудованию и оснащению торгового рынка администратор торгового рынка доводит до сведения субъектов внутренней торговли размер предельно допустимых розничных цен на СЗПТ на торговых рынках в письменной форме.

В этой связи отсутствует необходимость в направлении рекомендаций акиматов по установлению рыночных цен на СЗПТ субъектам торговли, так как по данным товарам максимальная торговая надбавка составляет 15%.

**А. Смаилов**